



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
201__ ЖЫЛҒЫ “_____” _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 201__ года
№ _____

2018 жылы 17 қаңтарда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және
даму министрі
Ж.М. Қасымбекке**

Депутаттық сауал

Құрметті Жеңіс Махмұдұлы!

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының атына Жезқазған өңірінің тұрғындарын жолаушыларға арналған теміржол көлігімен қамтамасыз ету проблемаларына қатысты азаматтардан көптеген өтініштер келіп түсуде.

Аталған мәселе ұзақ уақыт бойы шешімін таппай келеді. Менің депутаттық сауалыма ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің 2017 жылғы 13 қаңтардағы № 01-28/Д-4413-И және «Қазақстан темір жолы» АҚ-ның 2017 жылғы 06 қаңтардағы №ЮЛ-Л-1194,1 хаттармен берген соңғы жауаптарында 2017 жылдан бастап Жезқазған-Астана бағытындағы № 307-308 жолаушылар пойызы күн сайын жүреді, ал жолаушыларды тасымалдау проблемаларын «Марал Нұр» ЖШС тасымалдаушы жеке компаниясы шешеді деп хабарланған болатын.

Алайда, Жезқазған қаласы тұрғындарының айтуынша, Жезқазған-Астана бағытындағы № 307-308 жолаушылар пойызының құрамында небәрі 12 вагон ғана бар, бұл тасымалдауға деген қажеттіліктің 70-75 %-ын ғана жабады.

Соның салдары ретінде, көбінесе, теміржол кассаларында билеттерді сатып алу мүмкін болмайды, билеттерді тікелей жолсеріктерден сатып алу схемалары сақталып қалған. Әсіресе, вагондар жетіспеушілігінің проблемасы жазғы және қысқы кезеңдерде, халықтың басым бөлігі демалысқа кеткенде немесе ауа райының жағдайына байланысты қауіпсіз теміржол көлігін пайдаланған кезде айқын байқалады.

Жылжымалы құрамның жай-күйі де өзгеріссіз қалған. Пойыздағы 12 вагонның екі вагоны ғана жаңартылған. Қалғандары ескі, ондаған жылдар

бойы жөнделмеген, терезелерінен жел соғатын, дәретханаларында жылы суы жоқ, розеткалары жұмыс істемейтін, кеңестік кезеңде қою сұр немесе қоңыр түстерге боялған, суық апатты қораптар болып табылады. Вагондардағы антисанитариялық жағдай көптен бері жергілікті тұрғындарды ғана емес, сондай-ақ өңірге қонаққа келетін адамдарды да таңғалдырады. Жезқазған пойыздарының республикамыздағы ең нашар құрамдар деген ертеден бері келе жатқан атағы бар. Осыған байланысты осы жылдың 3-8 қандарына дейін облысқа сапары барасында біз көз- жеткіздік.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, құрметті Жеңіс Махмұдұлы, Сізден:

1) Жезқазған өңірінің халқын қамтамасыз ету үшін жылжымалы теміржол құрамына деген шынайы қажеттілікті анықтау мақсатында «Жезқазған-Астана» бағыттарындағы жолаушылар ағынына мониторинг жүргізуіңізді;

2) Тасымалдаушы «Марал Нұр» ЖШС-ға қатысты қажетті жедел шаралар қолдана отырып, тасымалдаушының конкурстық міндеттемелерін дереу орындауына тексеру жүргізуіңізді;

3) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясымен бірлесе отырып, № 307-308 пойызының жалжымалы құрамының жай-күйіне бағалау ұйымдастыруыңызды;

4) Министрлік аталған проблеманы шешу бойынша қабылдап жатқан шаралар туралы хабарлауыңызды сұраймын.

Қарау нәтижелері бойынша заңда белгіленген мерзімде жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
«Нұр Отан» партиясы
фракциясының депутаттары**

А.Қожахметов

Н.Әбдіров

Қ.Мусин

М. Айсина

Ф.Қаратаев

Орындаған Б.Селеубаева тел. 74-67-52

Оглашен 17 января 2018 года

**Министру по инвестициям
развитию
Республики Казахстан
Касымбек Ж.М.**

Депутатский запрос

Уважаемый Женис Махмудович!

В адрес депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан продолжают поступать многочисленные обращения граждан, касательно проблем обеспечения жителей Жезказганского региона пассажирским железнодорожным транспортом.

Данный вопрос не находит своего решения на протяжении длительного периода времени. В последнем ответе Министерства по инвестициям и развитию РК № 01-28/Д-4413-И от 13 января 2017 года и АО «Қазақстан темір жолы» от 06.01.2017 г за №ЮЛ-Л-1194,1 на мой депутатский запрос сообщалось, что с 2017 года пассажирский поезд №307-308 сообщением «Жезказган-Астана» будет курсировать ежедневно, а проблемы перевозки пассажиров будут решены частной компанией-перевозчиком ТОО «Марал Нұр».

Однако, по сообщению жителей города Жезказгана пассажирский поезд №307-308 сообщением «Жезказган-Астана» имеет в составе всего 12 вагонов, что покрывает потребность в перевозке на 70-75%. Как следствие, зачастую в железнодорожных кассах невозможно приобрести билеты, сохраняются схемы приобретения билетов непосредственно у проводников.

Особенно остро проблема нехватки вагонов ощущается в летний и зимний периоды, когда значительная часть населения выезжает в отпуска или пользуется безопасным железнодорожным транспортом ввиду погодных условий.

Не изменилось и состояние подвижного состава. Из 12 вагонов поезда обновились только два вагона. Остальные представляют собой ветхие, десятки лет не имевшие ремонта, аварийные короба. Холодные, с продуваемыми окнами, отсутствием теплой воды в туалетах, не работающими розетками, выкрашенные в советский период в удручающие темно-серые или коричневые цвета. Антисанитарные условия вагонов давно не вызывают удивления не только у местных жителей, но и у гостей региона. Жезказганские поезда имеет давнюю славу одних из худших составов республики.

В этом мы убедились во время выезда в регион с 3 по 8 январят.г.

Учитывая вышеизложенное, уважаемый Женис Махмудович, прошу Вас:

- 1) провести мониторинг пассажиропотока по направлениям «Жезказган- Астана» с целью выявления реальной потребности в железнодорожном подвижном составе населения Жезказганского региона;
- 2) провести проверку исполнения конкурсных обязательств перевозчиком ТОО «Марал Нұр» с принятием необходимых безотлагательных мер для устранения выявленных нарушений;
- 3) организовать совместно с национальной компанией «Қазақстан темір жолы» оценку состояния подвижного состава поезда № 307-308;
- 4) сообщить о принимаемых Министерством мерах по решению указанной проблемы.

Ответ на депутатский запрос просим предоставить в письменном виде в установленные законодательством сроки.

**С уважением,
депутаты фракции
партии «Нұр Отан»**

А.Кожаметов

Н. Абдиров

К. Мусин

М.Айсина

Ф. Каратаев

Исполнитель: Б.Селеубаева 746752